

Т.Ж. Сағындық

ІШТЕН ЖАНУ  
ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР ТЕОРИЯСЫ

АСТАНА-2007

*ЗЕК: 621.43.01(075.8)*

ББС 39.35

C14

C14 Сағындық Т. Ж.

Іштен жану қозғалтқыштар теориясы: Техн. жоғары оқу орындарының студ. арн. оқу құралы.- Астана:  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ мем. агротехникалық, университеті, 2007- 73 б.

ISBN 9965-868-68-9

Ұсынылып отырған оқу құралында автотракторлық қозғалтқыштардың теориялық және нақты циклдері, қозғалтқыштың негізгі көрсеткіштері, сипаттамалары, әрекет ететін күштері мен моменттері туралы мәлімет берілген. Оқу құралы техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне арналған, сонымен қатар техникалық колledgeдердің оқушылары мен ауыл шаруашылығында, автокөлік көсіпорындарында қызмет атқарып жүрген техника мамандарының да пайдалануына болады.

ББС 39.35

Пікір жазғандар:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті көлік жүйелері кафедрасының мәңгерушісі, т.ғ.д., профессор Бекенов Т.Н., доценті, т.ғ.к. Арпабеков М.И.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің аға оқытушысы Аскarov Н.Қ.

ISBN 9965-868-68-9

С 3203030000  
00(05)-07

Баспаға С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің оқу-әдістемелік көңесі мақұлдан, ұсынған.

## Мазмұны

Кіріспе . . . . .	5
1.Іштен жану қозғалтқышының теориялық циклдері және олардың пайдалы әсер коэффициенттерін анықтау.....	6
1.1 Жалпы түсінік. . . . .	6
1.2 Қорытынды циклдің термиялық пайдалы әсер коэффициентін анықтау. . . . .	6
1.3 Турбокомпрессорсыз дизельдің теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті. . . . .	11
1.4 Карбюраторлық қозғалтқыштың теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті . . . . .	11
1.5 Турбокомпрессорлық дизельдің теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті. . . . .	12
1.6 Термиялық пайдалы әсер коэффициентіне әр түрлі факторлардың әсері. . . . .	13
2. Тракторлар мен автомобильдер қозғалтқыштарының нақты циклдері. . . . .	14
2.1 Жалпы мәліметтер. . . . .	14
2.2 Енгізу процесі. . . . .	15
2.2.1 Қоршаған ортаның қысымы және температурасы. . . . .	17
2.2.2 Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі қысымды анықтау. . . . .	18
2.2.3 Қалдық газдар коэффициентін анықтау. . . . .	19
2.2.4 Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі температураны анықтау. . . . .	20
2.2.5 Толтыру коэффициентін анықтау . . . . .	22
2.3 Сығымдау процесі . . . . .	23
2.3.1 Сығымдаудың соңғы қысымы мен температурасын анықтау. . . . .	24
2.4 Жану процесі. . . . .	25
2.4.1 Отынның қозғалтқышта жануы. . . . .	25
2.4.2 Ауаның артық болу коэффициенті . . . . .	27
2.5 Ұлғаю және шығару процестері . . . . .	27
2.5.1 Ұлғаюдың соңғы қысымы және температурасы . . . . .	28
3. Индикаторлық диаграммасын күр.	
Графоаналитикалық тәсіл. . . . .	30
4. Қозғалтқыштың жұмысын анықтайтын негізгі көрсеткіштер .	32
4.1 Орташа индикаторлық қысым. . . . .	32
4.1.1 Орташа индикаторлық қысымның аналитикалық өрнегі .	33
4.2 Қозғалтқыштың индикаторлық қуаты . . . . .	35
4.3 Қозғалтқыштың пайдалы әсерінің индикаторлық коэффициенті. . . . .	36
4.4 Отынның индикаторлық мешікті шығыны. . . . .	37
4.5 Қозғалтқыштың механикалық шығыны . . . . .	37

4.6 Қозғалтқыштың пайдалы әсерінің механикалық коэффициенті.	38
4.7 Тиімді орташа қысым.	39
4.8 Қозғалтқыштың тиімді қуаты.	39
4.9 Қозғалтқыштың тиімді пайдалы әсерінің коэффициенті.	40
4.10 Отынның мәншікті шығыны.	41
4.11 Қозғалтқыштың жылу балансы.	41
5. Қозғалтқыштың сипаттамалары	44
5.1 Жалпы мәлімет	44
5.2 Жылдамдық сипаттамасы	44
5.2.1 Сыртқы жылдамдық сипаттамасы	44
5.3 Реттеуіштік сипаттама.	45
5.4 Жұқ сипаттамасы	45
5.5 Реттемелік сипаттамалар.	46
5.5.1 Қозғалтқыштың қосынды құрамы бойынша реттемелік сипаттамасы.	45
5.5.2 Карбюраторлық қозғалтқыштың ілгері тұтану бұрышы бойынша реттемелік сипаттамасы	47
5.6 Жиынтық сипаттама	48
5.7 Қозғалтқыштың жұмыс режимінің орнықтылығы	48
6. Қозғалтқыштың айналашқытты механизмінің кинематикасы.	51
6.1 Иінді біліктің бұрылу бұрышына байланысты піспектің жолы	51
6.2 Піспектің белгілі бір кезіндегі жүріс жылдамдығы.	52
6.3 Піспектек жүрісінің үдеуі	53
7. Қозғалтқыштың айналашқытты механизмінде әрекет ететін күштер мен моменттер	55
7.1 Қозғалтқыш цилиндріндегі газ қысымы	55
7.2 Айналашқытты механизм бөлшектерінің жылдамдай түсетін қозғалысы нәтижесінде алынатын екпін күші	56
7.3 Орталық айналашқытты-бұлғақты механизмге әрекет ететін қосынды күштер мен моменттер	58
7.4 Жанама күштің графигін күру	59
7.5 Қозғалтқыштың айналдыру моментінің графигін күру	61
8. Қозғалтқышты тендеу	64
8.1 Бір цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	64
8.2 Екі цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	65
8.3 Төрт цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	67
8.4 Алты цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	68
8.5 Сегіз цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	71
8.6 Он екі цилиндрлі қозғалтқышты тендеу	71
8.7 Қозғалтқыштың накты тенделуі	71
Пайдаланылған әдебиеттер	73

## Кіріспе

Бұл оқу құралы бірнеше жылдан бері жоғары оқу орындарында оқылған дәрістер негізінде жазылған. Кітаптың негізгі мақсаты - іштен жану қозғалтқыштарының теориялық және нақты циклдері; оның жұмысын анықтайтын негізгі көрсеткіштері, сипаттамалары; айналашақты-бұлғакты механизмдерге әсер ететін күштер мен моменттер туралы мағлұматтарды жүйеге келтіру және түсінік беру, қозғалтқыштардың тиімді пайдалану іскерліктерін жетілдіру. Студенттер іштен жану қозғалтқыштардың негізгі үғымдарын, теориялары мен жұмыс принциптерін оқып үйренеді. Оқу құралы типтік бағдарламаға сай жазылған.

Мұнда баяндау, талдау, жіктеу, жүйелу, бағалау, қорытындылау сияқты әдістер көнінен қолданылады, олар арқылы көлтеген дидактикалық мәселелер тиянақты шешімдерін табады.

Оқу құралы студенттерге ғана емес, трактор мен автомобильдер пәндерінің мұғалімдеріне және басқа оқырмандарға да пайдалы болары сәзсіз.

# 1 Іштен жану қозғалтқышының теориялық циклдері және олардың пайдалы әсер коэффициенттерін анықтау

## 1.1 Жалпы түсінік

Іштен жану қозғалтқышында жана майдың ішкі энергиясының механикалық энергияға айналуы кезеңімен өтетін бірнеше процестер арқылы іске асырылады да, оны жұмыс циклі деп атайды. Қозғалтқышта жұмсалатын жылуды механикалық жұмысқа айналдырудың пайдалылығын зерттеу үшін қозғалтқыштың түпнұсқасы болып табылатын термодинамикалық циклді талдаудан бастайды. Термодинамиканың 2-занына сәйкес жалғыз ғана жылу шығыны болатын, қайтымды, тұйық циклді термодинамикалық цикл деп атайды. Термодинамикалық циклдің етуі бірқатар шарттарға негізделген. Цилиндр ішінде жылуды жұмысқа айналдыру тұйық цикл бойынша мөлшері мен химиялық құрамы тұрақты, алмастырылмайтын газдың көмегімен жүзеге асады. Цикл айналымына жылу оның белгілі бір кезеңінде сыртқы ыстық арнадан түседі. Цилиндр ішіндегі газдың жылу сыйымдылығы тұрақты. Газды сыйымдау мен оның ұлғаю процестері жылу алмасуынсыз жүреді. Қазіргі қозғалтқыштар мына циклдердің біреуі арқылы жұмыс атқарады. Жұмыс затына жылу берілгенде [1,2,3,4,5]:

- газдың көлемі тұрақты болатын цикл. Бұл цикл карбюраторлы қозғалтқыштарда болатын жану процестеріне жақын;
- газдың көлемі және қысымы тұрақты болатын цикл-аралас цикл деп аталады;
- газдың қысымы тұрақты болатын цикл.

## 1.2 Қорытынды циклдің термиялық пайдалы әсер коэффициентін анықтау

Піспек жоғары шекті нұктеде болған кезде үстінде пайда болатын  $v_c$  кеңістік қысым камерасының аумағы немесе жану камерасының сыйымдылығы деп аталады. Піспек төменгі шекті нұктеде болған кезде оның үстінде пайда болған  $v_a$  кеңістігі цилиндрдің толық қөлемі деп аталады. Цилиндрдің толық қөлемінің  $v_a$  қысым камерасының аумағына  $v_c$  қатынасы қозғалтқыштың сыйылу дәрежесі деп аталады.

Қозғалтқыштың жұмыс цикліне мыналар кіреді: жаңа жаңғыш қоспаның немесе ауаның толуы, жұмыс атқаратын қоспаның немесе ауаның сыйылуы, отынның жануы, газдың ұлғаюы (жұмыс жүрісі), пайдаланылған газды сыртқа шығаруы, бұдан соң осы процестердің тағы да қайталанулыу, яғни кезектесіп келуі. Піспектің бір шекті нұктеден екінші шекті нұктеге қозғалысы кезіндегі жұмыс циклінің бір белгілі ыргак деп аталады.

Козғалтқыштың жұмыс циклі (иінді біліктің екі айналымында) піспектің төрт жүрісінде (ырғақ) аяқталуы мүмкін, мұндай жағдайда козғалтқыш төрт ырғақты деп аталады. Иінді біліктің бір айналымында (яғни піспектің екі жүрісінде немесе ырғағында) жасалатын жұмыс циклі бар козғалтқыш екі ырғақты деп аталады. Цилиндрдегі жұмыс ырғактарының алмасып келуі козғалтқыштың жұмыс реті деп аталады. Піспект жоғары шекті нұктеге (ЖШН) қарай қозғалған кезде қоспа сыйылады. Газдың көлемі кішірейеді, қысым мен температура артады. Жылу цилиндрдің қабырғалары арқылы алып кетілмейді, яғни қоспа адиабаттық жолмен сыйылады. Сыйымдау процесі графикалық жолмен рv диаграммасында (ac) сыйығымен көрсетіледі (1.1 сурет). Сыйымдау сонында жанғыш қоспа жанып, жылудың  $Q'_1$  біразын бөліп шығарады. Бұл жағдайда газдың көлемі өзгермейді. Газ температурасы мен қысымы арта түседі [1,2,3,4,5]. рv диаграммасында көлемнің тұрақты кезінде жылу әкелу процесі қысымның р осіне параллель, (cz<sup>1</sup>) сыйығымен графикалық жолмен көрсетіледі. Содан кейін тұрақты қысым кезінде жылудың біразын  $Q_2''$  әкелуден (z<sup>1</sup>z сыйығы) құралады. Сөйтіп, газға әкелінетін барлық жылу оның ішкі энергиясының одан әрі арта түсүіне жұмсалады. Газға берілетін жылудың саны  $Q'$  арқылы белгіленеді. Содан кейін газ адиабаттық жолмен ұлғаяды да, піспекті тәменгі шекті нұктеге (ТШН) қарай жылжытады. Бұл кезде газ ішкі энергиясының азаю есебінен, қозғалтқыш иінді білігіне берілетін механикалық жұмыс жасайды.. Ұлғайған кезде газдың температурасы мен қысымы кемиді. Газдың ұлғайған кезде атқаратын механикалық жұмысы графикалық жолмен (cz<sup>1</sup>zbfac) ауданымен көрсетіледі. Ен сонында газды сыйымдаудың басталуы кезіндегі күйіне дейін жеткізу үшін жылудың біразы алынып кетіледі ( $Q_2'$  және  $Q''_2$ ). Бұл процес газ көлемі (bf сыйығы) мен қысымы (fa сыйығы) тұрақты қалпында тұрғанда өтеді. Жылуды алып кету процесінде газдың температурасы мен қысымы сыйымдау басталатын шамаға дейін кемиді.

Сөйтіп, қорытынды цикл рv координатында адиабаттық қысудан (ac сыйық), жұмыс затына аралас жылу әкелуден ( $v=const$ , cz' сыйық, және  $p=const$ , z'z сыйық), адиабаталық ұлғаудан (zb сыйық) және аралас жылу әкетуден тұрады ( $v=const$ , bf сыйық және  $p=const$ , fa сыйық). Оның диаграммасын рv координаталары арқылы көрсетуге болады (1.1 сурет).

Мұндай түсініктер және белгілеулер енгіземіз:

- $\varepsilon = \frac{V_a}{V_c}$  - сыйылу дәрежесі;
- $\rho = \frac{V_z}{V_c}$  - алғашқы ұлғаудың дәрежесі;

- $\delta = \frac{V_b}{V_z}$  - кейінгі үлғаудың дәрежесі;
- $\lambda = \frac{P_z}{P_c}$  - қысымның арту дәрежесі;
- $\kappa = \frac{C_p}{C_v}$  - адабаттық көрсеткіші,

мұндағы  $C_p, C_v$  - жұмыс заттардың меншікті жылу сыйымдылықтары ( $p=\text{const}$  және  $v=\text{const}$  болған жағдайда).

Термиялық пайдалы әсер коэффициенті әкелген жылудың механикалық жұмысқа айналған дәрежесін көрсетеді [1,2,3,4,5]:

$$\eta_t = \frac{Q_1 - Q_2}{Q_1} = 1 - \frac{Q_2}{Q_1}, \quad (1.1)$$

мұндағы  $Q_1$ -жұмыс затына берілетін жылудың мөлшері;  $Q_2$ -жұмыстық дененің сұтықышқа беретін жылу мөлшері.

Денеге берілетін немесе денеден алынатын жылу мөлшері:

$$\Delta Q = mC\Delta T, \quad (1.2)$$

мұндағы  $C$ - дененің меншікті жылу сыйымдылығы;  $\Delta T$ -дene температурасының өзгерісі;  $m$ -дененің массасы.

Сондықтан

$$Q = Q' + Q'' = C_v(T_z - T_c) + C_p(T_z - T_r),$$

$$Q_2 = Q'_2 + Q''_2 = C_v(T_b - T_f) + C_p(T_f - T_a)$$

Осыдан  $\frac{C_p}{C_v} = k$  екенін ескере отырып:

$$\eta_t = 1 - \frac{T_b - T_f + K(T_f - T_a)}{T_z - T_c + K(T_z - T_r)} \quad (1.3)$$

Ендігі міндеттіміз  $T_b, T_f, T_c, T_z, T_r$  температураларын  $T_a, \rho, \delta, \lambda, k$  көрсеткіштеріне ауыстыру. Адиабаттық процесс кезіндегі газ күйінің тендеуі:

$$PV^k = \text{const}, \quad (1.4)$$

мұндағы  $k$ - Пуассон коэффициенті.

Идеал газ күйін сипаттайтын Клапейрон тендеуі:

$$\frac{PV}{T} = R \quad (1.5)$$

Адиабаттық процестің рv координаттарындағы диаграммасы гипербола қысымымен кескінделеді (1.1 сурет).

Адиабаттық сыйымдау (ac) кезіндегі газ күйінің тендеуі:

$$p_a V_a^k = p_c V_c^k$$

Түріндө жазылады. Осыдан  $p_c = p_a \varepsilon^k$ .

Клапейрон тендеуі (а мен с нүктелер үшін):

$$p_a V_a = RT_a;$$

$$p_c V_c = RT_c,$$

болады, осыдан  $T_c = \frac{p_c V_c}{R} = \frac{p_c V_c T_a}{p_a V_a}$ , сонымен,

$$T_c = \varepsilon^{k-1} \cdot T_a$$

1.1 суреттегі (CZ') графиктің бөлігін изохор деп атайды ( $V = const$ ), сондықтан

$$p_c V_c = R \cdot T_c, \quad p_{z'} V_{z'} = R T_{z'},$$

Бірінші тендікті екінші тендікке бөлсө,

$$\frac{p_c V_c}{p_{z'} V_{z'}} = \frac{RT_c}{RT_{z'}}, \quad \text{шығады.}$$

$V_c = V_{z'}$ ,  $p_{z'} = p_z$  екендіктерін ескерсек, онда

$$\frac{p_c}{p_z} = \frac{T_c}{T_{z'}},$$

Мұндағы  $\frac{p_z}{p_c} = \lambda$ , сондықтан  $\frac{1}{\lambda} = \frac{T_c}{T_{z'}}$ , нөмесе

$$T_{z'} = T_c \cdot \lambda = \varepsilon^{k-1} \cdot \lambda \cdot T_a \quad (1.6)$$

1.1 суреттегі (z'z) бөлігін алайык, (1.5) және (1.6) формулаларды еске алсақ:

$$\frac{p_z V_{z'}}{p_z V_z} = \frac{RT_{z'}}{RT_z}, \quad T_z = \frac{T_{z'}}{\varepsilon^{k-1}} = \rho T_{z'}, \quad T_z = \rho \cdot \lambda \cdot \varepsilon^{k-1} \cdot T_a.$$

(1.4) және (1.5) формулалардан адиабаттық үлғаю (zb) көзіндегі газ қүйі мен Клапейрон тендеулері (b мен z нұктелер үшін):

$$p_b V_b^k = p_z V_z^k,$$

$$p_b V_b = R T_b,$$

$$p_z V_z = R T_z,$$

$$p_b = p_z \left( \frac{V_z}{V_b} \right)^k,$$

$$T_b = T_z \frac{p_b}{p_z} \left( \frac{V_b}{V_z} \right)^{1-k} = T_z \delta^{1-k} = \frac{\rho \lambda \varepsilon^{k-1}}{\delta^{k-1}} T_a$$

Шығады.

Суреттегі (fa) бөлігін алайық. (1.5) формуланы еске алсақ:

$$p_a V_a = R T_a, p_f V_f = R T_f,$$

бірінші тендікті екінші тендікке бөлсө,

$$p_a V_a / (p_f V_f) = R T_a / (R T_f) \text{ және } p_f = p_a \text{ еске алсақ:}$$

$$T_f = p_f V_f T_a / (p_a V_a) = (V_f / V_a) T_a$$

Шығады.

$$p_a V_a = R T_a, p_f V_f = R T_f,$$

$$p_a V_a / (p_f V_f) = R T_a / (R T_f)$$

$$T_f = p_f V_f T_a / (p_a V_a) = (V_f / V_a) T_a$$

Егер  $\rho = v_z/v_c$ ,  $\varepsilon = v_a/v_c$ ,  $\delta = v_b/v_z$ ,  $v_f/v_b$  болса, онда  $v_f/v_a = \rho \delta / \varepsilon$ , немесе

$$T_f = \frac{\rho \cdot \delta}{\varepsilon} \cdot T_a.$$

Осы тендеуді өзгерте келіп  $T_b, T_f, T_c, T_z$  мәндерін (1.3) тендеуге қойсак, онда

$$\eta_t = 1 - \left[ \left( \frac{\varepsilon}{\delta} \right)^{k-1} \rho \lambda + \frac{\rho \delta}{\varepsilon} (k-1) - 1 \right] / \left\{ \varepsilon^{k-1} [\lambda - 1 + k \lambda (\rho - 1)] \right\} \quad (1.7)$$

### 1.3 Карбюраторлы қозғалтқыштың теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті

Рv диаграммасында (1.2, а сурет) көлемінің тұрақты ( $V = \text{const}$ ) кезінде жылу  $Q_1$  өкелу процесі, қысымының р осіне паралель, (cz) сызығымен графикалық жолмен көрсетіледі. Сондықтан [2,3,5]

$$V_z = V_z^1 = V_c, \rho = \frac{V_z}{V_c} = 1$$


Карбюраторлы қозғалтқыштың теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті мынаған тен:

$$\eta_t = 1 - \frac{\lambda - 1}{\varepsilon^{k-1}(\lambda - 1)} = 1 - \frac{1}{\varepsilon^{k-1}} \quad (1.8)$$

### 1.4 Турбокомпрессорлық дизельдің теориялық циклдерінің термиялық пайдалы әсер коэффициенті

Бұл циклда газдың көлемі V өзгергенде, p=const жағдайда жылу  $Q_1$  беріледі (1.2, б сурет). Мұнда  $\frac{P_z}{P_c} = \lambda = 1$ . Сондықтан турбокомпрессорлық дизельдер үшін п.ә.к. [1,2,3,4,5]:


$$\eta_t = 1 - \frac{\rho^k \lambda - 1}{\varepsilon^{k-1} [\lambda - 1 + \lambda(\rho - 1)]} = 1 - \frac{\rho^k - 1}{k(\rho - 1)\varepsilon^{k-1}} \quad (1.9)$$



1.1 сурет - Қорытынды цикл

## 1.5 Турбокомпрессорлық дизельдің теориялық циклдерінін термиялық пайдалы әсер коэффициенті

Цикл (1.2,в сурет) ауаның адиабаттық сығынан (цикл диаграммасында ас сызығы), тұрақты көлем кезінде жылудың  $Q_1$  біразын әкелуден (zz сызығы), тұрақты қысым кезінде



1.2 сурет - Қозғалтқыштардың теориялық индикаторлық pV және TV диаграммалары: а) карбюраторлы қозғалтқыш үшін;  
б) турбокомпрессорлық дизель үшін; в) турбокомпрессорлық дизель үшін

жылудың біразын  $Q_1''$  әкелуден (zz' сызығы), адиабаттық үлғаудан (zb сызығы) және тұрақты көлем кезінде жылуды  $Q_2$  әкетуден (ba сызығы) құралады [2,3,5].

Тәмендегі теңдеулерді ескере отырып:

$$\frac{V_a}{V_c} = \varepsilon, \frac{V_a V_z}{V_c V_z} = \varepsilon, \rho \delta = \varepsilon$$

Турбокомпрессорлық дизельдер үшін теориялық циклдерінін ПӘК –і келесі түрде өрнектеледі:

$$\eta_t = 1 - \frac{\left(\frac{\rho \delta}{\delta}\right)^{k-1} \rho \lambda + \frac{\varepsilon}{\varepsilon}(k-1) - k}{\varepsilon^{k-1} [\lambda - 1 + k\lambda(\rho-1)]} = 1 - \frac{\rho^k \lambda - 1}{\varepsilon^{k-1} [\lambda - 1 + k\lambda(\rho-1)]} \quad (1.10)$$

## 1.6 Термиялық пайдалы әсер коэффициентінө әр түрлі факторлардың әсері

Тендеулер (1.8–1.10) қозғалтқыштар үшін теориялық циклінің пайдалы әсерінің термиялық коэффициенті сығылудың дәрежесіне және адиабатаның көрсеткішіне к байланысты екенін көрсетеді. Сығылу дәрежесі мен адиабата көрсеткіші артса, циклдің пайдалы әсерінің термиялық коэффициенті де артады.

Тендеу (1.10) турбокомпрессорсыз дизельдер үшін теориялық циклдің пайдалы әсер термиялық коэффициенті  $\eta$ , сығылу дәрежесі  $\varepsilon$  артып, алғашқы ұлғаюдың дәрежесі  $\rho$  кемісе, артатының көрсетеді.

Идеалдық қозғалтқыштар үшін термиялық П.Ә.К.-ке әсер ететін факторлар туралы істелетін жалпы қорытындылар, іс жүзіндегі қозғалтқыштар үшін де дұрыс болады.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай қозғалтқыштар төрт ырғакты деп аталады?
2. Дизельдің турбокомпрессорлық және турбокомпрессорсыз теориялық циклдері термиялық П.Ә.К арасында қандай айырма бар?
3. Екі ырғакты процесті түсіндіріңіз?
4. Қорытынды циклінің пайдалы әсерінің термиялық коэффициенттерінө қандай факторлар әсер етеді?
5. Сығылу дәрежесі деген не?
6. Қозғалтқыштың жұмыс циклі деп нені айтады?

## 2 Тракторлар мен автомобилдер қозғалтқыштарының

нақты циклдері

### 2.1 Жалпы мәліметтер

Іштөн жану қозғалтқышта жана рмайдын ішкі энергиясының механикалық, энергияға кезегімен өтетін бірнеше процестер арқылы іске асрылады да, оны жұмыс циклі деп атайды. Жұмыс циклінің құрамына мыналар кіреді: цилиндрге жана жаңыш қоспаның немесе ауаның енгізу; жұмыс атқаратын қоспаның немесе ауаның сыйымдалуы; жұмыс атқаратын қоспаның тұтануы мен жануы; газ көлемінін үлғаюы; цилиндрдің пайдаланылған газдан тазаруы. Бұл операциялардың барлығы да піспектің жоғары және төмен қозғалуының көмегімен және тиісті клапандармен жабылып тұратын кіргізу және шығару тесіктерін ашу арқылы орындалады. Цилиндр ішіндегі піспектің бір жүрісінде өтетін процесті ырғак, деп атайды. Қозғалтқышта жұмыс циклі піспектің 2 немесе 4 жүрісінде аяқталуы мүмкін. Бірінші жағдайда қозғалтқышты екі ырғакты, екінші жағдайда төрт ырғакты деп атайды. Цилиндр бүйіріне кететін жылу шығыны да есептеледі. Жұмыс атқаратын қоспаның сыйымдануы және үлғаю процестері политроп занымен өтеді.

Дизельдер үшін

$$\eta_{\text{нақты}} \leq \eta_{\text{теорем.}}, \quad (2.1)$$

Мұндағы  $\eta_{\text{нақты}}$ ,  $\eta_{\text{теорем.}}$  – нақты мен теориялық термиялық пайдалы әсер коэффициенттері.

Аналитикалық тәсілмен нақты циклінің жұмысын анықтау өте күрделі. Есептеу жұмыстарын жүргізгенде тәжірибе арқылы алынған коэффициенттер қолданады. Иінді біліктін айналыс саны карбюраторлы қозғалтқыштар үшін  $6000 \text{ мин}^{-1}$ , дизельдер үшін  $2600 \text{ мин}^{-1}$ ; циклының мерзімі  $0,02...0,05 \text{ с}$ , жану процесіне уақыттың жұмсалуы  $0,001...0,003 \text{ с}$  тен болады. Накты цикл термодинамикалық циклға қарағанда көп күрделі. 2.1...2.3. суреттерде барлық төрт ырғак, кезінде қозғалтқыш цилиндрдегі газдардың қысымының өзгеру диаграммасы берілген. Горизонталь сзықта піспек әр түрлі жағдайда тұрғанда, цилиндрдің ішіндегі газ көлемі көрсетіледі, ал тік сзықта газдардың мегапаскаль (МПа) есебінен қысымы көрсетіледі. Мұндаидиаграмма индикаторлық диаграмма деп аталады. Индикаторлық диаграмма қозғалтқышты сынап көрғенде қозғалтқышта орнатылатын, индикатор деп аталатын, арнаулы жабдықтың көмегімен алынады.

Индикаторлық диаграмма жиылған (2.1, 2.2 сурет) және жайылған (2.3 сурет) қалпында болады. Пайдаланған газдарды шығарып жіберу жұмыстық жүріс аяқталғаннан кейін піспек, інді біліктің айналасымен алғанда, ТШН-ге  $30^0\ldots60^0$  жетпей басталады (2.4 сурет). Сонымен қозғалтқыштың шығару клапаны піспек ТШН-ге жетпей түрғанда ашылады. Оның осылай ертерек ашылуы газды шығаруға жұмсалған жұмысын азайту. Нәкты қарағанда  $p_r \neq \text{const}$ . “r” нүктеде ауаның серпімді тербелесі пайда болады. Бірақ шартты түрде  $p_r \neq \text{const}$  деп аламыз [1,2,3,4,5]. Газдың қысымы, шамамен алғанда,  $p_r = 0,105\ldots0,125$  МПА дейін төмөндейді.  $p_r$  қысымды мына формула бойынша анықтауға болады

$$p_r = p_0(1 + 0,55 \cdot 10^{-4} n), \quad (2.2)$$

мұндағы  $n$  – қозғалтқыш інді білігінің айналыс саны.

Пайдаланылған газдардың температурасы клапанның астынан шыққан жерде: карбюраторлы қозғалтқыш үшін  $T_r=900\ldots1100\text{K}$ , дизельдер үшін  $T_r=900\ldots1100\text{K}$  тең болады. Сығылу дәрежесі  $\epsilon$  артса  $T_r$  нүктедегі температура  $T_r$  азаяды. Инді біліктің айналыс саны  $n$  артса  $T_r$  нүктедегі температура  $T_r$  артады.


## 2.2 Енгізу процесі

Бұл процесс цилиндрді жанғыш қоспамен, не болмаса ауамен толтыруға арналған [1,2,3,4]. Піспек ЖШН –нен ТШН-ге дейін ауысқан кезде, енгізу клапаны ашық түрғанда, цилиндрге жанғыш қоспа толады. Диаграммада (2.4 сурет) енгізу процесі  $a'a''$  сызығымен көрсетілген. Енгізу клапаны ЖШН –ге  $10\ldots30^0$  жетпей түрғанда ашылады (A нүкте), ТШН –нен  $40\ldots80^0$  өткесін жабылады (B нүкте) (2.4 сурет). 4-ырғакты қозғалтқышта енгізу қысымының шамасы  $P_a$ :


- енгізу түтіктерінің құрылышына (олардың кеңдігі мен ұзындығы, індереі мен олардың радиустары, түтіктердің ішкі қабырғаларындағы кедір-бұдырлығы);

- қозғалтқыштың інді білігінің айналу санына байланысты болады.


Инді білігінің айналу саны үлкен болса, енгізудің қысымы аз болады. Енгізу процесін сипаттайтын қысым  $p_a$  және температура  $T_a$ . Енгізу арнадағы қысым  $p_a$  - ге тең.




2.1 сурет - Карбюраторлық қозғалтқыштың индикаторлық диаграммасы: а) цикл үшін; б) індің біліктің бұрылу бұрышы мен піспектің жолы үшін; в) шыгару және енгізу процестері үшін



2.2 сурет - Дизельдің индикаторлық диаграммасы:  
а) цикл үшін; б) шыгару және енгізу процесі



2.3 сурет- р-φ координатадагы карбюраторлық қозғалтқыштың индикаторлық диаграммасы:  
1,2 – енгізу клапанның ашылуы және жабылуы; 3- электр үшкіншің пайда болуы;  
4,5 – шыгару клапанның ашылуы және жабылуы.



2.4 – СУРЕТ- Шыгару және сору процесі

### 2.2.1 Қоршаган ортанның қысымы және температурасы

Турбокомпрессорлық қозғалтқыштар үшін:




Турбокомпрессордан шығатын ауаның температурасы:

$$T_k = T_0 \left( \frac{p_k}{p_0} \right)^{\frac{n_k - 1}{n_k}}, \quad (2.3)$$

Мұндағы  $n_k$  – турбокомпрессордан шығатын ауаның политропа қысымының дәреже көрсеткіші;  $p_k$  – турбокомпрессордан шығатын ауаның қысымы.

$n_k$  мәндері белгілі болады:



Жанарған зарядтың алдын ала жылтытылу шамалары:



а нүктедегі қысымды  $p_a$  анықтағанда, жанарған зарядтың алдын ала жылтытылуы  $\Delta T$  есептеледі. Жанарған зарядтың жылтытылуы  $\Delta T$  мынандай факторларға:

- енгізу түтіктің ұзындығына;
- иінді біліктің айналыс санына;
- турбокомпрессордың болуына;
- қозғалтқыштың жүктелуіне байланысты.

## 2.2.2 Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі қысымды анықтау

Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі қысым  $p_a$  қозғалтқыштың цилиндріне баратын жұмыстық заттың санын белгілейтін негізгі факторларына жатады :

$$p_a = p_0 - \Delta p_a, \text{ немесе } p_a = p_k - \Delta p_k, \quad (2.4)$$

мұндағы  $\Delta p_a, \Delta p_k$  – енгізу ырғақ шығыны.

Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі қысымды анықтауға жиірек мына формуланы қолданады:

$$p_a = p_0 \left( 1 - 0,55 \cdot 10^{-4} \cdot n \right) \quad (2.5)$$

Бұл тәжірибе арқылы шығарылған Петров–Ширин формуласы деп аталады, мәндері тәмендегідей:

- Карбюраторлық қозғалтқыштар үшін:

$$p_a = (0,80...0,94) p_0; \Delta p_a = (0,05...0,20) p_0$$

Дизельдер үшін:

$$p_a = (0,82 \dots 0,96) p_0; \Delta p_a = (0,03 \dots 0,18) p_0$$

Турбокомпрессорлық дизельдер үшін:

$$p_a = (0,90 \dots 0,96) p_k; \Delta p_k = (0,03 \dots 0,10) p_k$$

Енгізу ырғағының сонындағы қысымды  $p_a$  арту үшін көдергілерді азайту керек, ол үшін:

- клапандарды дұрыс орналастыру;
- енгізу қиманы үлкейту;
- енгізу арна бетінің тазалығын, конфигурациясын жақсарту, ұзындылығын азайту;
- газ тарату кезеңдерін дұрыс таңдау;
- орташа тиімді қысымды  $p_e$  азайту керек.

### 2.2.3 Қалдық газдар коэффициентін анықтау

Қалдық газдардың коэффициенті -  $\gamma$ , қалдық газдар санының (моль есебімен)  $M_r$ , жаңадан сорылған жанғыш қоспаның санына (немесе аяға)  $M_1$  катынасы болады [1,2,3,4]:

$$\gamma_r = \frac{M_r}{M_1}, \quad (2.6)$$

Қалдық газдар коэффициентінің формуласын қорытып шығару үшін Менделеев–Клайперон формуласы қолданылады:

$$pv = MRT, \quad (2.7)$$

Мұндағы  $p$  – қысым;  $v$  – көлем;  $M$  – газ салмағы;  $T$  – температура;  $R$  – газдың тұрақты саны.

"Г" нұктесі үшін:

$$P_r V_r = M_r R_r T_r \quad (2.8)$$

Жана заряд үшін:

$$p_0 V_h \eta_v = M_1 R_0 T_0, \quad (2.9)$$

мұндағы  $p_0$ ,  $T_0$  қоршап тұрған ортанның қысымы және температурасы;  $V_h$  – цилиндрдің жұмыстық көлемі;  $M_1$  – жана заряд мөлшері;  $\eta_v$  – толу коэффициенті.

(2.8), (2.9) формуладан  $M_r$  және  $M_1$  анықтайық. Енді  $v_r = v_c$  және  $V_h = V_c$  ( $\varepsilon - 1$ ) өрнектерді ескеріп, қалдық газдардың формуласын мына түрде анықтауға болады:

$$\gamma_r = \frac{p_r v_r R_0 T_0}{R T_r p_0 \eta_r} = \frac{p_r T_0}{T_r p_0 (\varepsilon - 1) \eta_r} \quad (2.10)$$

Мұндағы  $- p_r$  және  $T_r$  қалдық газдардың қысымы мен температурасы.

(2.10) тендеу, қалдық газдардың қысымы  $p_r$  артса және сыйылу дәрежесі  $\varepsilon$  кемісе, газдардың коэффициенті артатынын көрсетеді.

Колчин формуласы

$$\gamma_r = \frac{T_r + \Delta T}{T_r} \cdot \frac{p_r}{\varepsilon p_a - p_r} \quad (2.11)$$

Қалдық газдар коэффициентінің мәндері:

□ Карбюраторлы қозғалтқыштар үшін  $\gamma_r = 0,05 \dots 0,1$ .

□ Дизельдер үшін  $\gamma_r = 0,02 \dots 0,06$ .

## 2.2.4 Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі температураны анықтау

Жана зарядтың, қалдық газдардың, қоспа балансының тендеуін құрайық [2,3,4,5]:

$$Q_{c3} + Q_{подогрев} + Q_r = Q_a, \quad (2.12)$$

Мұндағы  $Q_{c3}$  - жана зарядтың жылуы;  $Q_{подогрев}$  -жана зарядты алдын ала жылтытуға кеткөн жылу;  $Q_r$  - қалдық газдардың жылуы;  $Q_a$  - қоспаның (жана зиярдпен қалдық газдардың қосындысы) жылуы.

Енді  $Q_{c3}, Q_{жиганты}, Q_r, Q_a$  мәндерін (1.2) формула арқылы анықтайық:

$$Q_{c3} = M_1 \mu c_p^{-1} T_0$$

$$Q_{подогрев} = M_1 \mu c_p^{-1} \Delta T$$

$$Q_r = M_r \mu c_p^{-1} T_r$$

$$Q_a = M_a \mu c_p T_a = (M_1 + M_r) \mu c_p T_a$$

Мұндағы  $M_1, M_r, M_a$  – жана зарядтың, қалдық газдардың, қоспаның мольдық мөлшерлері;  $\mu C_p, \mu C_p^1, \mu C_p^{11}$  – бір моль қоспаның, бір моль жана зарядтың, бір моль қалдық газдардың жылу сыйымдылығының орташа саны;  $T_o, T_a, T_r$  – коршап тұрған ортанның, енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі цилиндрдегі қоспа мен қалдық газдардың температурасы;  $\Delta T$  – алдын ала жылыту мөлшері.

Жылу балансының тендеуін құрастырайық.

$$M_1 \cdot \mu C_p^1 \cdot (T_o + \Delta T) + M_r \cdot \mu C_p^{11} \cdot T_r = (M_1 + M_r) \cdot \mu C_p \cdot T_a \quad (2.13)$$

Сонғы тәндіктің екі жағын  $M_1$ -ге бөлсек,  $\gamma_r = M_r / M_1$  қатынасын,  $\mu C_p \approx \mu C_p^1 \approx \mu C_p^{11}$  ескеріп, (2.13) тендеуді быладай жазуға болады:

$$(T_o + \Delta T) + \gamma_r \cdot T_r = (1 + \gamma_r) \cdot T_a$$

Сонда енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі температура:

$$T_a = \frac{T_o + \Delta T + \gamma_r T_r}{1 + \gamma_r} \quad (2.14)$$

Енгізу ырғағының аяқталу кезіндегі температура тәмендегідей болады:

- Карбюраторлы қозғалтқыштар үшін  $T_a = 320 \dots 360$  К.

- Дизельдер үшін  $T_a = 310 \dots 350$  К.

- Турбокомпрессорлық дизельдер үшін  $T_a = 320 \dots 400$  К

(2.14) тендеу қалдық газдардың коэффициенті артса, енгізудің аяқ кезінің температурасы  $T_a$  артатынын көрсетеді. Мұнымен қатар, сыйылу дәрежесі артса, енгізудің аяқ кезінің температурасы тәмендейді.

## 2.2.5 Толтыру коэффициентін анықтау

Қозғалтқыш жанғыш қоспаны енгізу кезінде (немесе ауаны) теория бойынша цилиндрдің жұмыс көлемі коршап тұрған ортанның қысымы мен температурасының арқасында жанғыш қоспаға (немесе ауаға) толуы тиіс. Шынында қозғалтқыштар цилиндрінің салмақ жағынан толуы теория жүзіндегіден кем болады. Бұлай болатын себебі: клапан ашылған кезде, яғни енгізудің бас кезінде, сыйылу камерасы жоғарғы температуralы

(870...970 К) қалдық газға толы болады және қысым қоршап тұрған ортаның қысымынан артық болады (0,11... 0,115 МПа). Міне, сондықтан да, енгізу кезінде өуелі қалдық газдар сыртқы қысымнан кем қысымға дейін үлғаяды, содан кейін барып қозғалтқыш цилиндріне тың жаңғыш қоспа кіре бастайды.

Козғалтқыш цилиндріне барып кіретін тың жаңғыш қоспа, енгізу түтігі мен клапаннан өткенде қарысуды кездестіреді және сонымен қатар, қалдық газдармен араласып температурасын арттырады. Қоспаның температурасы енгізу түтігі мен цилиндрдің ыстық кабыргаларына, піспектің тиоінен де артады. Мұнымен қатар, енгізу түтігі және клапанның ашық саңылауы енгізуге біраз қындық туғызатын болады. Осылардың нәтижесінде қозғалтқыш цилиндріне шын барып кірген жаңғыш қоспаның (немесе ауаның) салмағының мөлшері көмиді. Енгізу кезіндегі шығын толтыру коэффициенті деп аталатын коэффициентпен есепке алынады. Толтыру коэффициент  $\eta_v$  деп, қозғалтқыш цилиндріне нақты барып түскен жаңғыш қоспаның  $G_1$ , салмағының (немесе ауаның) қоршап тұрған ортаның бар температурасы мән қысымы кезіндегі теория бойынша мүмкін салмақ санына  $G_o$  қатысы аталады [1,2,3,4,5]:

$$\eta_v = \frac{G_1}{G_0} = \frac{M_1}{M_0} \quad (2.15)$$

Толтыру коэффициентінің формуласын қорытып шығару үшін қозғалтқыштың жылу балансын (2.13) қолданамыз.

Енді (2.8) және (2.9) өрнектерді пайдаланып

$$M_1 = M_0 \cdot \eta_v = \frac{P_0 \cdot v_h \cdot \eta_v}{R_0 \cdot T_0} \quad , \quad M_r = \frac{P_r \cdot v_r}{R_r \cdot T_r}$$

$$M_a = \frac{P_a \cdot V_a}{R_a \cdot T_a} \quad , \quad M_1 + M_r = M_a$$

(2.13) тендеуін мына түрде жазуға болады:

$$\frac{P_0 \cdot V_h \cdot \eta_v}{R_0 \cdot T_0} (T_0 + \Delta T) + \frac{P_r \cdot V_r}{R_r \cdot T_r} \cdot T_r = \frac{P_a \cdot V_a}{R_a \cdot V_a} \cdot T_a$$

Соңғы тенденктің екі жағын R-ге бөлсек, ықшамдасақ:

$$\frac{P_0 \cdot V_h}{R_0 \cdot T_0} \cdot \eta_v (T_0 + \Delta T) = p_a \cdot V_a - p_r \cdot V_r$$

Енді  $V_h = V_c (\varepsilon - 1)$ ,  $V_r = V_c$ ,  $V_a = \varepsilon V_c$  екендіктерін ескерсек, онда

$$\eta_v = \frac{T_0(p_a V_a - p_r V_r)}{p_0 V_r (T_0 + \Delta T)} = \frac{1}{\varepsilon - 1} \cdot \frac{T_0}{T_0 + \Delta T} \cdot \frac{1}{p_0} (\varepsilon p_a - p_r) \quad (2.16)$$

Жоғарғы (2.16) өрнек Колчин формуласы деп аталады.  
Турбокомпрессорлық қозғалтқыштар үшін:

$$\eta_v = \frac{1}{\varepsilon - 1} \cdot \frac{T_k}{T_k + \Delta T} \cdot \frac{1}{p_a} (\varepsilon p_a - p_r) \quad (2.17)$$

Толтыру коэффициентінің мәндері:

- Карбюраторлық қозғалтқыштар үшін  $\eta_v = 0,75 \dots 0,85$
- Дизельдер үшін  $\eta_v = 0,8 \dots 0,9$
- Турбокомпрессорлық дизельдер үшін  $\eta_v = 0,8 \dots 0,95$

Тендеу (2.16), толтыру коэффициентінің енгізу қысымы  $p_a$  кемісі, шығарған кезде қысым  $p_r$  артса және енгізу кезінде температура артса  $T_a$ , кемітінің көрсетеді. Енгізу түтігінде қарысу артса, енгізу қысымы  $p_a$  кемиді. Қарысуы үлкен енгізу түтігінің, тазартқыштың болуы енгізудің қысымының  $p_a$  тәмендетеді, сейтіп толтырудың коэффициентін азайтады.

Қарысуы көп шығару түтігінің, тындырышының болуы шығару қысымының  $p_a$  арттырады, сейтіп бұл да толтырудың коэффициентін азайтады. Енгізу түтігінің жоғарғы температурасы енгізу ақырының температурасының  $T_a$  арттырады және сонымен қатар толтырудың коэффициентін азайтады.

### 2.3 Сығымдау процесі

Піспек ЖШН-ге қарай қозғалған кезде қоспа (aya) сығымдалады – газдың көлемі кішірейеді, қысым мен температура артады. Сығымдау процесі графикалық, жолмен ру диаграммасында (2.1, 2.2 суреттер) ас сзызығымен көрсетіледі. Жанғыш қоспаның сығымдалуы цилиндрдің қабырғалары арқылы жылуды алып кетумен өтеді, яғни шын қозғалтқышта сығымдау адиабата бойынша емес жылу әкету арқылы политропа бойынша өтеді [2,3,4,5].

Сығымдау политропасының көрсеткіші  $n_1$ :

- тәжірибелемен алынған индикаторлық диаграммасы;
- Колчин-Демидов номограммасы;
- Петров формуласы (карбюраторлық қозғалтқыштар үшін) арқылы анықталады.

### 2.3.1 Сығымдаудың соңғы қысымы мен температурасын анықтау

(1.4) өрнекті пайдаланып [2,3,4,5]

$$p_a V_a^{n_1} = p_c V_c^{n_1} \quad (2.18)$$

$$p_a V_a = R T_a \quad (2.19)$$

түрінде жазуға болады. Соңғы өрнектерді біріктіріп қарастырсак, сығымдаудың аяқ кезеңі қысымы  $p_c$  анықталады.

$$p_c = p_a \left( \frac{V_a}{V_c} \right)^{n_1} = p_a \varepsilon^{n_1} \quad (2.20)$$

С нүктө үшін  $p_c V_c = R T_c$  түрінде жазуға болады.

Соңғы және (2.19) өрнектерден сығымдаудың соңғы температурасы  $T_c$  анықталады;

$$T_c = \frac{P_c V_c}{R} = T_a \varepsilon^{n_1 - 1} \quad (2.21)$$

мұндағы  $T_a$  – енгізудің аяқ кезінің температурасы.

Сейтіп сығымдаудың аяқ кезіндегі қысымы мен температурасы,  $P_c$  және  $T_c$ :

▫ Сығылу дәрежесі ε артса ;

▫ Политропаның  $n_1$ , көрсеткіші кемісе, артатын болады.

Мұнымен қатар, енгізудің соңғы қысымы  $P_c$  артса,  $P_c$  қысым артады, енгізудің аяқ кезінің температурасы  $T_c$  артса,  $T_c$  температурасы артады.  $T_c$  мен  $p_c$  мәндері:

• Карбюраторлы қозғалтқыштар үшін

$P_c = 0.9\text{--}2.0 \text{ МПа}$  ,  $T_c = 600\text{--}800 \text{ К}$  ;

• Дизельдер үшін

$P_c = 3.5\text{--}5.5 \text{ МПа}$  ,  $T_c = 700\text{--}900 \text{ К}$  ;

• Турбокомпрессорлық дизельдер үшін

$P_c = 6\text{--}8 \text{ МПа}$ ,  $T_c = 900\text{--}1000 \text{ К}$ .

## 2.4 Жану процесі

Жану қандай да болса бір заттың (әдетте отынның) оттегімен химиялық қосылудынан болады, мұнан кейін жылу және жарық, бе-